

ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы: «БОЛМЫС. ОНТОЛОГИЯ ЖӘНЕ МЕТАФИЗИКА»

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Онтология – болмыс туралы ілім. Болмыс және бейболмыс (Парменид, Зенон).
2. Платон мен Аристотельдің философиясындағы болмыс мәселелері.
Әл-Кинди және Ибн-Рушд концепциялары.
3. Жаңа заман философиясындағы субстанция мәселесі (Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Лейбниц). М.Хайдеггердің «фундаменталды онтологиясы» (Da sein).
4. «Материя» ұғымы. Материалдық әлем болмысы. Қозғалыс, кеңістік және уақыт.
5. Философияның негізгі ұғымдары: дүние, заман, мән, құбылыс, мазмұн, форма, жалпы, жеке, бүтін, бөлік, сан, сапа, өлшем және т.б.
6. Абай дүниетанымдағы Құдай және адам мәселесі.
Идея және рухани құндылықтар болмысы.

Біз «болу», «тіршілік ету» ұғымдарын синоним, яғни ұғымдары бір-біріне ұқсас, маңызы бірдей атаулар ретінде қабылдаймыз. Философия «болу» ұғымын бар болудың дәлелі ретінде ғана емес, нақты тіршілік етудің кепілі ретінде қарастырады.

Сондықтан, «болу» сөзі философияда жалпы өмір сүрудің терең астарын ұғындыруға талпынатын ерекше мәнге ие категория.

Болмыс мәселесі туралы ілім онтология (онтос – тіршілік, логос – сөз, білім) деп аталады. Онтология терминін алғаш рет 1613 жылы неміс философы Р.Гоклениус ұсынады, кейіннен XVIII ғасырдың 1-ші жартысында Х.Вольф онтологияны болмыс туралы ілім ретінде нақтылап, оны «бірінші философия» деп есептеді.

Болмыс категориясы әлемді философиялық тұрғыда түсіндірудің алғышарты болып табылады. Бұл тұрғыда қоршаған әлемнің және адамның өзіндік санасының бар екендігі туралы қарастырылады. Бұл жүйелі түрде әлем картинасын қалыптастыруды мақсат етіп қояды.

Сонымен, «болу» категориясы барлық заттар мен құбылыстардың негізін құрайтын және олардың өмір сүруіне кепілдік беретін нақты әлемді білдіреді. Адам баласы «болу» ұғымын түсінгендіктен, «бейболмыс», «жоқ» ұғымдарының да болатынын ескерді. Бейболмыс категориясы кез келген заттың, дүниенің реалдылығын теріске шығарады.

Адамның дүниеге деген қатынасында қандай құндылық жатса да, оның негізінде – болмыс категориясы жатыр. Қай құбылысты алып қарасақ та, оның болу жолы, тәсілі оның негізін құрайтыны белгілі. «Болу» әдістері мен сан түрлі құндылықтардың барлығы дерлік негізінен жалпыға ортақ болуы тиіс. Болмыстың формаларының барлығына ортақ жалпы ерекшелік - болу. Болмыс - адам санасынан тыс өмір сүретін дүниелерді, яғни материяны, адамдардың материалдық өмірінің табиғатын анықтайтын философиялық категория. Жалпы, философия тарихына көз жүгіртетін болсақ, дүниенің пайда болуы мен құрылысы турасында онтологиялық, алғашқы мән жөніндегі сұрақ философия қалыптасқаннан бері жалғасын табуда.

Философия тарихында болмыс терминін алғаш рет ерте грек ойшылы Парменид енгізді. Ойшылдың пайымдауынша, нақты болмыс дегеніміз «мәңгі бар нәрсе» дей отырып, дүниені қозғалмайтын, біртұтас, шар түрінде сипаттады. Дүниенің бастамасы ретінде екі субстанцияны көрсетті, олар от, жарық және түн, қараңғылық. Ал болмыс мәңгі, біртұтас әрі бөлшектенбейді, демек ол туралы ой да біртұтас. Нақты болмыс - ақыл-ой арқылы танылып қабылданады. Ой дәйектілік пен күмәнсіздікті негіздей отырып, адамға сенімділік бермек.

«Парменидтің «болмыс» категориясы адамдардың күнделікті, практикалық өмірінде жүзеге асырылып отыратын нақты іс - әрекеттері мен ойларының философиялық тұрғыда түсіндірілуі ғана емес, сонымен қатар, ол батыстық адамға тән дүниетанымдық және аксиологиялық принциптерден де бұрын оның нақты өмірлік қажеттіліктерін бейнелейтін нақты да айқын экзистенциалдық негіздер болып табылады. «Ештеңеден еш нәрсе туындамайды» деген қағидаға сай, әрқилы пікірдегі ойшылдар әлем әрқашан тіршілік етуге тиіс болған деген қорытындыға келді. Болмыс шексіз ғана емес, ол сондай-ақ өзгеріссіз, ол уақыт ағымына тәуелді емес. Өткен шақ, осы шақ және келер шақтың бәрі де – болмыс».

Парменид дүниесіндегі «болмыс» категориясы философияның ең негізгі ұғымы ретінде ғана қалып қоймай, метафизикалық мәселелерді зерделеуге, яғни адамға да, адамзатқа да бағынбайтын материалдық емес болмыс туралы, табиғи мәндердің идеалдық себептері туралы және өмірде бар дүниелер туралы айтуға мүмкіндік беретін ілімге жол ашатын ұғым ретінде қалыптасты.

Метафизика - болмысты бар болу тұрғысынан зерттеу; бар нәрсенің мәні туралы пайымдаулар; алғашқы себептер мен принциптерді зерделеу; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың теңдігі мен мәні туралы рационалды білім. Метафизиканың басты тақырыбы - онтология, яғни болмысты зерттеу.

Зенон (б.з.д. 490-430 жж.) – «антикалық дәуірдегі Элей мектебінің өкілі. Философияда алғаш рет диалог формасын ұсынып, қолданған ойшыл. Қозғалыс ұғымын зерттей отырып, оның диалектикалық табиғаты туралы пікірлерді өзгеше, яғни теріс формада қолдана білді. Зенон үшін болмыста қайшылық жоқ, сондықтан қайшылықты болмыс - жалған (елес) болмыс. Зенон философия тарихында «Ахилл және тасбақа», «Жебе» т.б. апорияларымен белгілі. Апория (гр. «арогіа» – тығырыққа тірелу, шарасыздық) - ежелгі грек философиясында шешілуі қиын мәселені білдіретін ұғым. Апория заттың өзінде немесе ол туралы ұғымдағы қарама-қайшылықтың негізінде пайда болады.

Философиялық ой тарихында метафизика ұғымы көбінесе философияның синонимі ретінде әрекет етті, өйткені метафизика барлық философияның орталық доктринасы болып табылады. «Метафизика» терминін алғаш рет Родос Андроник (б.з.д. I ғ.) Аристотельдің шығармаларын жүйелеу барысында ұсынған, ол физикадан кейін тұруды жөн санаған. «Метафизика» сөзінің этимологиясы (шығу тегі) «физикадан кейінгі» дегенді білдіреді. Кейде бұл ұғым басқаша сипатта да кездеседі: әлем туралы зерттеулерді жүзеге асыру әдісі ретінде де қолданыла береді, бұл тұрғыда ол диалектикаға қарсы.

Философия тарихындағы энциклопедист ғалымдар Платон мен Аристотель болмыс, субстанция (алғашқы бастама) ұғымдарын анықтауға талпынды. Платон өз философиялық жүйесін қалыптастырған алғашқы ойшыл болды. Ол философияның метафизика, эпистемология және саясат философиясы бөлімдеріне елеулі үлес қосты. Осы салалардың бәрінде Платонға Сократтың ілімі қатты ықпал етті. Платон Сократтың шәкірті, объективті идеализм бағытының негізін салушы, ұстазы, рухани пірі Сократ екеуінің арасындағы сұқбат ретінде жазылған 30-дан астам философиялық трактаттарды жазушы. Платон сол заманның материалистік ұстанымдарымен күресе отырып, әлемді идеалистік тұрғыда қабылдады.

Платон объективті идеализм бағытын қалыптастыра отырып, оны жүйеледі. Сезімдер арқылы танылатын «заттар дүниесі» мен «идеялар дүниесін» бір-бірінен бөліп қарастырды. Идеялар объективті тұрғыда тәуелсіз әрі мәңгі өмір сүруге қабілетті барлық сезілетін заттар дүниесін айтты.

Адам рухы әу бастан-ақ тәннен тәуелсіз идеялар әлемінде ғұмыр кешеді. Материялдық нәрсе іспеттес емес, керісінше мәңгі. Жан адам бойында уақытша тұрақтап, уақыты келгенде тәннен бөлініп шығып, тұрақты мәңгі мекеніне оралып отырады. Платон өзінің «идеялар әлемін» «Эйдос» тұрғысынан тұжырымдайды.

Платонның пайымдауынша, шынайы реалды болмыс - ақылмен ғана танып-білуге болатын денесіз (материалды емес) идеялар дүниесі. Платон түсінігіндегі болмыс Парменид тұжырымдағандай біртұтас емес, керісінше, өздеріне ғана тән идеялары бар рухани, көпшілікке тән болмыс. Идеялардың барлығы өз алдына мәңгі әрі өзгермейді, ол өз-өзіне ғана тән. Идеялардың саны көп, бірақ шексіз емес. Идеялар мәңгі өмір сүретін әлемді «Эйдос» деп атайды. Идеялар бір-біріне тек қарым-қатынас барысында ғана емес, сонымен қатар біріне—бірі бағынышты, яғни, барлық идеялар белгілі бір ортақ идеяға тәуелді қатынастарда болмақ. Платон әлеуметтік тектік бөлінісін азаматтардың бірлескен тұрғылықты жері бойынша мемлекеттің тұрақтылығының алғышарты деп тұжырымдады.

Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) – «көне грек ойшылы, қисынды ой (логика), әрі тағы да бірқатар ғылыми салаларды негіздеуші, әлемнің бірінші ұстазы дәрежесіндегі тұлға. Платон іліміндегі денесіз форма туралы (Эйдос-идеялар әлемі) көзқарасын сынға алғанымен, «идеалистік және материалистік» ұстанымның ара-жігін толығымен терістей алмады. Аристотель пайымдауынша, рух пен тән біртұтас, демек тән өлсе жан да жойылады. Ол философиялық ілімнің 3 саласын жіктеп көрсетеді, бұлар:

1) теория деңгейіндегі бөлімі. Бұл болмыстың пайда болу кезеңдері, себептері мен субстанциясы (түпнегіз) жөніндегі бөлім;

2) тәжірибелік деңгейдегі бөлімі. Бұл адам баласының қам-қарекеті жөнінде;

3) поэтикалық бөлімі бұл праксиологиялық яғни, адамның шығармашылығы турасындағы мәселені қарастыратын бөлім. Жалпы алғанда, ғылымдардың зерттеу нысандары бұл адам баласының қабілеті, өрісі жетерлік дүниелер ғана. Қозғалысқа қабілетті дүниелердің барлығының себебі бар. Ол себеп «өзі қозғалмайтын, бірақ өзгені қозғалту қабілетіне ие - Құдай деп тұжырымдады».

Мұсылман ойшылдары алғашқы бастаманы мұсылмандық догматпен - тәухидпен, яғни «Алладан басқа Тәңір жоқ» ұстанымымен байланыстырды. Діни ойшылдар Құдайды тәнсіз, формасыз, ешқандай субстанциясыз жаратылыс бастауы ретінде қабылдады.

Араб ойшылы әл-Кинди (шамамен 800-870 ж.ж.) антикалық философияда қалыптасқан пікірлерге сүйене отырып, алғашқы бастама жөнінде өзіндік ұстанымын өрбітті. Әл-Кинди дүниетанымындағы алғашқы бастама теологиялық сипатқа ие Құдай болмысы болды. Құдайды барлық қағидалардың бастаушысы, мәңгі әрі бірегей ақиқат деп атады. Ол бәрінен бұрын бар болған, басы да соңы да, баламасы жоқ мән. Оның формасы да материалды қасиеті де жоқ.

Болмыс мәселесін адамның тіршілік ету қасиетімен байланыстыра отырып зерттеген философтардың бірі ХХ ғ. Мартин Хайдеггер (1883 - 1976 жж.) болды. Экзистенциалист-философ ретінде М.Хайдеггер 1927 ж. «Болмыс пен уақыт» атты еңбегін жариялады.

М.Хайдеггер философиясында болмыс мәселесі философиялық анализдің нысанына айналды. Хайдеггер тек бар дүниелерді ғана зерттеулермен шектелмей, бар бола білу жөніндегі көзқарасын ұсынды. «Бар болу» - «da sein» - өзін-өзі проблемаға айналдыра алатын, өз болмысына өзі қатынас жасай алатын адам. Тек адам ғана «da sein» сатысына жете алады.

Адам бар болу үшін, тіршілік ету қабілетін түсіну-түсіндіру үшін бірнеше жағдайларды: уақыт, ұят, соңғы қадамға бара білу, қамқорлық іспеттес ұғымдарды түсініп, игеруі тиіс. Уақыт - адам болмысының негізі. Уақытсыз болмыс қалыптаспайды, танылмайды да. Ұят — экзистенциалдық категория. Ұят - болмыстың көріну формасы, себебі, ұят адамды өз-өзіне шақырады. Адам дүниеге алданғанда күнә, қателіктерге тап болады, сол кезде адамды ой түкпірінен ұят шақырады. Соңғы қадамға бара білу — адам тіршілігінің бір себебі, шарты. Қамқорлық — адамның өз-өзіне қам, жағдай жасауы, адамның өзіндік болмысын қалыптастыратын метафизикалық күй.

Болмыс категориясының тарихи эволюциясы және оның түсіндірмесі барлық философиялық ойдың дамуының негізгі кезеңдерін, оның табиғатты зерттеуден адамның өмір сүруінің әр түрлі жолдарындағы зерттеуіне дейінгі қозғалысын көрсетеді. Бұл уақыт өте келе болмыстың негізгі формаларын анықтап алуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда:

1. Адам болмысы;
2. Заттар болмысы;
3. Әлеуметтік (қоғамдық) болмыс;
4. Рухани болмыс.

Материя дегеніміз адам санасынан тыс әрі тәуелсіз ғұмыр кешетін, сондай-ақ, адам санасында бейнелеуге болатын реалды дүние. Материяның ең негізгі атрибуты – қозғалыс. Қозғалыс материяның сыртқы ғана емес, ішкі қасиеті, ажырамас бөлігі, ол объективті, мәңгі әрі абсолютті. Қозғалыстың механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік түрлері бар. Сондай-ақ, кеңістік және уақыт - материяның маңызды атрибуттары. Кеңістік - материя болмысының объективті, жалпы, заңды формасы, ол әр түрлі жүйелердің көлемге ие екендігін, өзара орналасқандығын, құрылымдылығын және бірге өмір сүретіндігін сипаттайды. Ол үш өлшемді, кез келген кеңістіктік қатынастар үш өлшем-координаталар (ұзындық, ені, биіктік) арқылы сипатталады.

Әлемнің түп негізі мәселесіне қатысты философиялық ілімде түрлі көзқарас, ұстанымдар өмірге келді, бұлар: «монизм», «дуализм», «плюрализм», «деизм».

Монизм дегеніміз әлемнің түп негізі ретінде бір ғана субстанцияны көрсететін философиялық пікір. Мысалы, идеалистер ұстанымында түп негіз – рух, сана, идея. Дүниенің негізі екі субстанциядан құралған, екеуі бір-біріне тәуелді деп тұжырымдайтын пікірді дуализм деп атайды. Әлемді Құдай жаратып, бірақ, адамзат баласының іс-әрекетіне, әлеуметтік өмірге араласпайды деп пайымдайтын деизм бағытын ұстанған XVII ғасыр ойшылы Чербери болған еді.

Деистік ұстаным Абай Құнанбаевтың дүниетанымында айқын сезіледі. Жаратушы, Дүние, Адам – осы үш категория Абайдың онтологиялық философиясының негізін қалайды.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас...
Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.

Қағида шарифаты өзгерсе де,
Тағриф алла еш жерде өзгермеді»,- деп, Тәңірдің абсолютті мәңгілігін айқындай келе:

«...Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті» - деп, деистік тұрғыда қорытындылайды. Абайдың пайымдауынша, Жаратқанның тудырған осы дүниенің темірқазығы – адам.

Әлемнің онтологиялық анализін жасау философиялық категориялардың жүйесі көмегімен жасалады, бірақ негізгі екі ұғым, яғни болмыс және бейболмыс ұғымдары арқылы ғана жүзеге аспақ. Философияда маңызды рөл атқаратын бұл категориялар адамның өзі өмір сүретін әлемнің реалды түрде өмір сүретіндігін, сондай-ақ оның тек адам үшін жаралғандығын айқындайды. Сондықтан, болмыс ұғымын бар дүниенің бәрін қамтитын шындық ретінде анықтауға болады.